

**Л. Сәкен, 1-курс**

**Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының  
доценті, филология ғылымдарының кандидаты  
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## **ҚАЗАҚ РАДИОСЫНДАҒЫ ТІКЕЛЕЙ ЭФИР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

Соңғы деректерге сүйенер болсақ, қазіргі уақытта республикамыздың 87 пайыз халқы Қазақ радиосындағы бағдарламаларын тыңдаса, 37 пайызы «Шалқар» арнасына құлақ түріп жүреді екен<sup>1</sup>. Бұл — арнайы сарапшылардан алынған ресми дерек. Ұлттық радиоарна болып есептелінетін «Шалқар» бірде-бір өзге тілді араластырмай, 100 пайыз мемлекеттік тілде ха-

бар таратады. Сол сияқты бүгінгі заман талабына сай қызмет көрсетуге бетбұрыс жасап келе жатқан Қазақ радиосы да өзінің эфирлік уақытының негізгі басым бөлігін қазақ тіліне беріп отыр. Бүгінгі таңда Қазақ радиосының мемлекеттік тілде хабар беруі 87 пайызды құрап отыр. Ал ұлтаралық қатынастарды қолдап отыру үшін кәріс, неміс, орыс, ұйғыр, әзірбайжан, түрік, татар тілдерінде дайындалатын бағдарламаларға бөлінетін уақыт — 13 пайыз.

Енді тыңдарманға тікелей эфирде ұсынылатын радиобағдарламаларға тоқтала кетейік.

1. «Қайырлы таң, Қазақ елі!». Таңертенгілік бағдарлама өзінің атауына толық жауап бере алады. Бұл бағдарламаның ақпаратты-көңілашар жанрындағы басқа бағдарламалардан едәуір айырмашылығы бар. Жаңа бағытта, жаңа стильде, өзгеше серпінмен жетілдірілген нысанда ұсынылмақ хабардың негізгі пәрмені көрерменнің таңертенгілік көңіл-күйіне тың серпіліс бере отырып, халықтың сұранысы мен талғамына сай қызмет көрсету. Әрбір редактор-жүргізуші бір айда эфирлік уақыт үшін 540 минут уақыт жұмсайды.

2. «Ерте ояндым, ойландым». Тікелей толқында тыңдармандармен қайымдасу үлгісінде өтеді. Ол мынадай тақырыптарды қамтиды. «Әдеп әліппесі» профессор, ұлағатты ұстаз, ақын Әдібай Табылдының танымдық-тәрбиелік әңгімелері. «Беймарал». «Беймарал» тобының сықақтары «Мамандығым – мақтанышым» әр салада қызмет атқарып жүрген азаматтар өз мамандығының қыр-сырын айтады; «Кім болам» мектеп оқушылары болашақта кім болғысы келетіні жайлы өз ойларын ортаға салады; «Теріс әңгіме». Жас ақын Айбек Ережептің қисық әңгімелері. Сан түрлі тақырыпта.

3. «Түп тамырымыз ауылда» хабарында танымал тұлғалардың туған жеріне жасаған игі істері сөз болады. Тікелей эфирде. «Ұлт пен ұрпақ» жастарды не толғандырады, қоғамдағы орны қандай? деген сияқты т. б. сауалдарға жауап іздеу. Белгілі мамандар мен зиялы қауымның, жастардың пікірін білу. «Студент аудиториясы» жастардың әлеуметтік-мәдени-рухани өмірінен сыр шертеді; «Алтынның сынығы» ұлылардың ұрпақтарымен сұхбат; «Бәрін білгім келеді» жасөспірімдерге арналған айдар; «Үнің кетпес құлақтан» айтулы күндерге орай алтын қордан дауыстар беріледі. Бұл айдарлар аптаның алты күнінде тұрақты беріліп тұрады, сонымен қатар белгілі бір тақырып аясында аптаның бір күнінде арнайы бағдарлама әзірленбек. «Мектебім менің», «Асқақты ару астанам», «Гүл Алматы» және т. б. тақырыптары қамтылады.

4. «Топжарған». Мектеп жасындағы балаларға арналған интеллектуалдық радио-ойыны. Ойыншы балалардың ғылыми-танымдық деңгейін анықтап, жалпы білімдерін таразылап көру мақсатында ойналады, тыңдаушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Жанры: танымдық, сазды-көңілашар. Бұл — балалардың білім деңгейі мен ақыл-ой жылдамдығын сарапқа салатын танымдық бағдарлама.

5. «Түнгі тілдесу». Жастардың ұлттық салт-дәстүрлерімізге, тарих пен мәдениетке байланысты таным-білімдерін арттыру, отансүйгіштік сезімдерін ояту. Ойын-сауық түрлерін насихаттай отырып, сұрақ-жауап түрінде өткізілетін танымдық, сазды-көңілашар бағдарламасы. Жастарға арналған танымдық хабар.

Қазіргі таңда қазақ радиосында жиырмаға жуық бағдарлама тікелей эфир арқылы таратылады. Республикалық радио хабарлары жоспарлы түрде жүргізіледі. Алдымен тақырыптық жоспарлауға тоқталсақ: бұл күнтізбедегі айтулы күндерге, тарихи оқиғаларға, кезеңдерге байланысты жасалатын жоспарлар. Оның жасалу жолдары мынадай: алдымен күндік, апталық, айлық межелер белгіленеді, яғни хабарлар сеткасы жасалады<sup>2</sup>. Алдымен жалпыхалықтық мерекелер, атаулы жас мөлшеріне келген қоғамның біртуар азаматтарының туған күндері және т. б. жайлары ескеріледі. Мысалы, Наурыз мерекесі, Конституция күні, Ұландар күні немесе Сайлау күні сияқты қоғамдық-саяси шаралар да жазылады. Қазақ радиосының бүгінгі ең басты ерекшелігінің бірі дербестілігі. Қаншалықты үкімет идеологиясын насихаттап, тәуелділік танытқанымен де бұқара халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын халықтық арна деп аталады.

Қорыта келе, тікелей эфирде неғұрлым көпшілік көкейінде жүрген маңызды мәселені қозғайтын болса, соғұрлым тыңдарман саны көбейіп, радио рейтингісі өсіп, сонымен қатар қоғамдық пікірдің қалыптасуына әкеледі. Сондықтан тақырып таңдау — журналист үшін бірінші нысан.

<sup>1</sup> *Омашев Н.* Радиожурналистика: Оқулық. – Алматы, 2005. 89-б.

<sup>2</sup> *Әбдіжәділқызы Ж.* Тікелей эфир табиғаты: Оқу құралы. – Алматы, 2003. 117-б